

11 ақпан 2026ж.



Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

Алматы, Қазақстан – «Эйр Астана» АҚ («Компания», еншілес FlyArystan бөлімшесімен бірге - «Топ»), кіріс көлемі мен әуе кемелері паркі бойынша Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі ең ірі әуе тобы Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы хабарлайды.

2026 жылғы 9 ақпанда өткен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның өкілі ретінде Бахытжан Таубаев Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды. Бұл шешім бұрыннан жоспарланған Директорлар кеңесіндегі сабақтастыққа және Компания акционерлік құрылымындағы өзгерістерді ескере отырып қабылданды, Саймон Вуд, BAE Systems PLC акционерінің өкілі, атқарушы емес директор 2026 жылғы 9 ақпаннан бастап Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігін тоқтатты.

Бахытжан Таубаев 2026 жылғы 9 ақпаннан бастап атқарушы емес директор болып тағайындалды.

Таубаев мырза 2025 жылғы сәуір айынан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ-да стратегия және активтерді басқару жөніндегі бірлескен басқарушы директор лауазымын атқарады. Оның мұнай-газ саласында 17 жылдан астам еңбек өтілі бар. Ол өндіріс жөніндегі директор, бас директордың бірінші орынбасары және өндірістік бөлімшелердің басшысы сияқты жетекші инженерлік және басқарушылық лауазымдарды атқарған. 2023–2025 жылдары Таубаев мырза Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаментінің директоры қызметін атқарды. Ол Қазақ-Британ техникалық университетін және Турин политехникалық университетін бітірген, магистр дәрежесіне ие.

Директорлар кеңесінің төрағасы Нұрлан Жақыпов Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістерге қатысты: *«Біз Таубаев мырзаны Директорлар кеңесінің құрамында атқарушы емес директор ретінде қуанышпен қарсы аламыз. Оның ауқымды кәсіби тәжірибесі Компанияның ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыру үдерісінде Директорлар кеңесі деңгейінде тиімді қадағалауға ықпал етеді.»*

Директорлар кеңесінің, басқарушы топтың және әуе компаниясының бүкіл ұжымының атынан Саймон Вуд мырзаға Компанияның дамуына қосқан елеулі үлесі, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жұмысына жоғары кәсібилігі мен адалдығы үшін алғыс білдіргім келеді».

Директорлар кеңесінің жаңартылған құрамы:

1. Нұрлан Жақыпов – Директорлар кеңесінің төрағасы («Самұрық-Қазына» АҚ);
2. Айдар Рысқұлов – Директорлар кеңесінің мүшесі («Самұрық-Қазына» АҚ);
3. Бахытжан Таубаев – Директорлар кеңесінің мүшесі («Самұрық-Қазына» АҚ);
4. Питер Фостер – Директорлар кеңесінің мүшесі (2026 жылғы 31 наурызға дейін «Эйр Астана» АҚ-ның бас атқарушы директоры);

5. Ибрагим Жанлыел – Директорлар кеңесінің мүшесі (2026 жылғы 1 сәуірден бастап «Эйр Астана» АҚ-ның бас атқарушы директоры);
6. Елдар Абдразаков – тәуелсіз директор;
7. Джанет Хекман – тәуелсіз директор;
8. Гарри Кингшотт – тәуелсіз директор
9. Кит Гэбел – тәуелсіз директор;
10. Дияс Асанов – тәуелсіз директор.

Қосымша ақпарат алу үшін төмендегі контактілер бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:

Инвесторлармен байланыстар жөніндегі қызмет

investor.relations@airastana.com

Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі департамент

media@airastana.com

Медиа

airastana@fticonsulting.com

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 62 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 14 мәрте иеленді және қатарынан 9 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan үш рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.